

МҰРАТБАЕВNEWS

28.02.2025|ЖҰМА

Басылым №6

Гани Мұратбаев атындағы гимназиясы



ӨШПЕС ЕРЛІКKE МӘҢГІ ТАҒЫМ!

Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай, батырларымыздың ерліктерін тағзым ете отырып, гимназиямызда аймақтық әскери - патриоттық шара ұйымдастырылды. Шара барысында патриоттық жарысқа қатысушыларымыздың қадірлі еңбектері мен ерлік дәстүрін жаңғыртып алға ұмтылған жастарымызды ардагерлеріміз дипломдар мен алғыз хаттар табыстады.

ГИМНАЗИЯ ОҚУШЫЛАРЫ АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ!

Гани Мұратбаев атындағы гимназиясында «Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек» психологиялық айлық барысында «Өмір қымбатсың маған!» тақырыбында эссе жазуға, «Объективте – тек қана позитив» тақырыбында сыныппен фотосуреттер көрмесіне қатысқан оқушыларды марапаттап және жігерлендіру мақсатында түрлі сыйлықтар ұсынылды.



Жас маман – үлкен мүмкіндіктер бастауы!

Жас ұстаз – болашақтың тірегі!

Жас мамандар үшін кәсіби байқаулар – өзіндік әлеуетін көрсетуге, тәжірибе жинақтауға және жаңа белестерді бағындыруға таптырмас мүмкіндік. Жақында өткен аудандық байқауда біздің жас ұстазымыз да осындай үлкен сынақтан өтті.

Бұл байқау – білім саласындағы тың ізденістерді, шығармашылық бастамаларды және кәсіби шеберлікті шыңдайтын маңызды алаң. Байқау барысында қатысушы тек теориялық білімімен ғана емес, практикалық дағдыларымен де ерекшеленді. Оқытудың заманауи әдістерін тиімді пайдаланып, өз пәнін оқушыларға қызықты әрі түсінікті жеткізе білді.

Әрине, байқау оңай болған жоқ. Қиындықтар, толқу, жауапкершіліктің жүгі – мұның бәрі әр кезеңде сезілді. Дегенмен, жас маманымыз бұл сынақтардан сүрінбей өтіп, өзін жаңа қырынан таныта білді. Қатысушының өзіне деген сенімділігі артып, кәсіби даму жолында одан әрі жетіле түсуге деген құлшынысы күшейді.



«ТЮТОРЛЫҚ ОНЛАЙН МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

Байзақ ауданының білім бөліміне қарасты мақсатты мектептермен жүргізілетін Байзақ ауданы білім бөлімінің білім беру округтарының "Тьюторлық онлайн мектебі" жобасының жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылдың 19 ақпанында №3 білім беру округі бойынша тірек мектеп Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында мақсатты мектептер Ақшолақ орта мектебі мен А.Суханбаев атындағы орта мектебінің мектеп әкімшілігімен кездесу өтті. Кездесу барысында тірек мектебі мен мақсатты мектептердің өзара тәжірибе алмасу жұмыстарының мақсаты мен кәсіби қолдау көрсету бағыттары нақтыланды.

Сонымен қатар А.Суханбаев атындағы орта мектебінің әкімшілігімен «Оқыту мазмұнын талдау және жетілдіру» тақырыбында семинар, Ақшолақ орта мектебінің әкімшілігімен «Заманауи оқыту әдістері» тақырыбында тренинг өткізілді.



14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні, бұл кітап оқуды сүйетін және ұнататындардың мерекесі. Жаңа, қызықты, танымдық кітап оқу – кез келген адам үшін үлкен қуаныш және кітап әрқашанда ең керемет сыйлық болып қала береді. Оқушылар арасында бір-біріне өздерінің оқыған кітаптарын насихаттап, гимназиямызда «Шын жүректен кітап сыйла» атты челленджін өткізді. Бұл акцияның басты мақсаты — кітаптың құдіретін арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту, кітап оқуға шақыру, оқушылардың кітап оқуы мен кітапты бір-біріне сыйлау дәстүрін қайта жандандыруға ықпал ету, кітапханаларға жақсы кітаптар тарату, технология заманында да кітап өз құндылығын жоғалтпайтын ерекше сыйлық болып қалатынын көрсету. Оқушылар сүйікті шығармалары туралы айтып, оқыған кітаптары жайында өз әсерлерімен бөлісіп, бір-біріне кітап сыйлады.



«ТАБИҒАТ АНАҒА АЛҒЫС»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ


Қазіргі уақытта экологиялық мәселелер әлемдік деңгейде өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау – әрбір адамның борышы. Осы мақсатта елімізде түрлі экологиялық шаралар ұйымдастырылып келеді. Солардың бірі – «Табиғат анаға алғыс» атты экологиялық акция.



«Қыз Жібек» клубы, қыздар жиналысы

2025 жылдың 26 ақпанында гимназиямызда «Қыз баланың бой жетуі» атты тақырыпта қыздар жиналысы өтті. Жиналысқа аудандық аурухана дәрігері Қожахмет Мадина Рахметқұлқызы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп медбикелері, тәлімгер және психологтардың қатысуымен 8 - 11 сынып қыз балаларының арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жұмыс жүргізілді.

Қыздарға жасөспірімдік кездегі физиологиялық өзгерістер жайында, сонымен қатар ұл-мен қыздың арасындағы қарым-қатынас туралы айтылды. Ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата – бабалар ілімдері туралы түсініктер берілді. Отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктер жөнінде де сөз қозғалды. Жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән – мағынасына да тоқталды. Жиналыс сырласу түрінде өтіп, оқушылар жақсы көңіл-күймен тарады.



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС, ОҚУ ЖАТТЫҒУ ІС-ШАРАСЫ

Азаматтық қорғаныс іс-жоспарына сәйкес сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оқу-жаттығу жүргізілді.

Оқу-жаттығу барысында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Табиғи апаттар жағдайындағы дағдылар мен сауатты әрекеттерді дамыту мақсатында оқу-жаттығуда мектеп қызметкерлері, оқушылар мен мұғалімдер қатысып, қауіпсіз аймаққа шығарылды.



“Балалар кітапханасы” жобасы

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында “Жас оқырмандар” алаңында гимназиямыздың бастауыш сынып оқушыларымен “Ертегілер елінде” атты талқылау және сахналық қойылым іс шарасы ұйымдастырылды. Спикер Ж.Диханбаева. Мақсаты: Кітап – білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін тәрбие құралы екенін түсіну және ата-аналармен бірге баланы бос уақытында кітап оқуға ынталандыру.



«Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

Баяғы заманда Алдаркөсе деген айлакер, тапқыр, сөзге шешен кісі өмір сүріпті. Ол сараң байларды, мақтаншақ байларды, қу билерді алдап, қарапайым халықтың қамын ойлап жүрген екен. Бір күні Алдаркөсе қыс ортасында бір байдың үйіне келіпті. Бай өте сараң, қонаққа тамақ бергісі келмейтін адам екен.

— Ассалаумағалейкум, байеке! – деп амандасыпты Алдаркөсе.

— Уағалейкумассалам, Алдар! Не іздеп жүрсің? – деп сұрапты бай.

— Алыстан келе жатыр едім, тонымның сиқырлы екенін сізге көрсетейін деп келдім, – дейді Алдаркөсе.

— Сиқырлы тон? Қалайша? – деп таңғалады бай.

— Бұл тонды киген адам тоңбайды, суықты сезбейді. Тіпті, ең қатты аязда да жылы жүреді, – депті Алдаркөсе.

Бай Алдаркөсенің сөзіне сеніп, оның тонға қалай шыдайтынын көрмек болады.

— Олай болса, дәлелдеп көр! – дейді бай.

— Жарайды, егер мен осы тонды киіп, түнімен далада тоңбай шықсам, маған бір табақ ет бересіз бе? – дейді Алдаркөсе.

Бай қуанып кетеді де:

— Келістік! Бірақ егер тоңсаң, маған тегін қызмет етесің! – дейді.

Алдаркөсе сыртқа шығып, түн бойы далада отырады. Таңертең байға келеді.



Аңыз ертегілері
«Алдаркөсенің сиқырлы тоны»